

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 15 мамырдағы № 89 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 мамырда № 9191 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 11 мамырдағы № 98 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 11.05.2021 № 98 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 139-бабының 9-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Денисов ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Әкімдіктің "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар, қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленген мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" 2018 жылғы 29 наурыздағы № 58 қаулысының (2018 жылғы 29 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7720 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Денисов ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Денисов ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Денисов ауданының әкімі

Б. Нурғалиев

Әкімдіктің
2020 жылғы 15 мамырдағы
№ 89 қаулысына
қосымша

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Денсаулық сақтау саласындағы мамандардың лауазымдары:

- 1) аудандық аурухананың басшысы;
- 2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;
- 3) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның бөлімшелер басшысы;
- 4) барлық мамандықтағы дәрігерлер;
- 5) акушер;
- 6) диеталық мейіргер;
- 7) тіс дәрігері (дантист);
- 8) медициналық бике/аға;
- 9) қоғамдық денсаулық сақтау маманы (статистик);
- 10) зертханашы (медициналық);
- 11) провизор (фармацевт);
- 12) психолог маман;
- 13) рентген зертханашысы;
- 14) әлеуметтік қызметкер;
- 15) фельдшер;
- 16) медициналық тіркеуші.

2. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандардың лауазымдары:

- 1) ауданның Халықты жұмыспен қамту орталығының басшысы;
- 2) аудандық маңызы бар ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын үйде қызмет көрсету бөлімшесінің меңгерушісі;
- 3) халықты жұмыспен қамту орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанты;

- 4) жұмыспен қамту орталығының құрылымдық бөлімшесінің маманы;
- 5) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 6) қарттар мен мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 7) психоневрологиялық аурулары бар мүгедек балалар мен 18 жастан асқан мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 8) әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман.

3. Білім саласындағы мамандардың лауазымдары:

1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы (шағын жинақталған мектептен, мектепке дейінгі білім беру ұйымынан, әдістемелік кабинеттен (орталықтан) басқа);

2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын (шағын жинақталған мектептен басқа) басшысының орынбасары;

3) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның: шағын жинақталған мектептің, мектепке дейінгі білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталық) басшысы;

4) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның: шағын жинақталған мектеп басшысының орынбасары;

5) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын бөлімінің басшысы;

6) мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, арнайы (түзету) және мамандандырылған білім беру ұйымдарының барлық мамандық мұғалімдері, оның ішінде мұғалім-логопед, бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы оқытушы, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог-психологі;

7) тәлімгер;

8) тәрбиелеуші;

9) әдіскер (негізгі қызметтердің);

10) дене шынықтыру жетекшісі (негізгі қызметтердің);

11) музыкалық жетекші (негізгі қызметтердің);

12) қосымша білім беретін педагог;

13) педагог-психолог (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог-психологін қоспағанда);

14) әлеуметтік педагог;

15) мейірбике (мейіргер);

16) кітапхананың басшысы (меңгерушісі);

17) кітапханашы;

18) хореограф (негізгі қызметтердің);

19) мәдени ұйымдастырушы;

20) әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскері.

4. Мәдениет саласындағы мамандардың лауазымдары:

1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы;

2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;

3) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын бөлімінің басшысы;

4) аккомпаниатор;

5) библиограф;

6) кітапханашы;

7) мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызметтер);

8) барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер);

9) музыкалық жетекші;

10) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның көркемдік жетекшісі;

11) хореограф;

12) дыбыс режиссері;

13) барлық атаудағы инженер (негізгі қызметтер);

14) барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер);

15) қазақ, ағылшын тілдері мұғалімі.

5. Спорт саласындағы мамандардың лауазымдары:

1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы;

2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;

3) медициналық бике/аға (мамандандырылған);

4) жаттықтырушы;

5) жаттықтырушы-оқытушы;

6) әдіскер.